

ҚАЗІРГІ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ ҚОЗҒАЛЫСТАР МЕН БІРЛЕСТІКТЕР

ОРЫНДАҒАНДАР:

РЫМБЕК АЙЫМГҮЛ


МАНАП ЕРНАЗАР

МУТАЛИВ БҮРКІТБЕК

РАХИМЖАНОВ

НҰРСҰЛТАН

- Діни секталар өте көп. Кеңтарапта ағымдарды ауыздықтауға заңымыз әлсіздік танытып отыр. Бұл секталар: Иегова куәгерлері-екінші атауы Күзет мұнарасы қауымы, Саентология шіркеуі, Бахаизм, Жаңа өмір, Грейс-ракм, Ахмади жамағаты, Кришна тану қоғамы, Ата жолы және ең қауіпті секталардың бірі – **Салафия**.



ДӘСТҮРЛІКТЕН ТЫС ДІНДЕР 5 ТОПҚА ЖІКТЕЛЕДІ:



НЕООРИЕНТАЛДЫҚ ТАБЫНУ:

- «Общество Сознания Кришны», «Тихоокеанский дзен- буддуйский центр» , «Миссия Божественного Света», «Трансендентальная медитация» және т.с.с.
- Неоориенталдық табынудың шығу тамыры Шығыстан, будда және индуизм діндерінің осы заманға бейімделген түрінен шықты. Өмір сүріп тұрғандардың барлығы иллюзия, оның жасырын соңында Құдайдың шындық табиғаты бар, ол гармониялық және әділеттілік. Медитациялық процесс (ойлану, сезіну, ішкі дүниеге шұқшиып көңіл аудару) әр түрлі мантрлық сөздер айтып қайталау.

НЕОХРИСТИАНДЫҚ ОДАҚ:

- Олар өзінің христиандыққа мұраға деген бағдарлауын мәлімдейді, алайда оның түсіндірмесі үшін дәстүрлі христиандық тән емес сөзбалар пайдаланылады, шығыс діндердің элементтері қамтылынады, ақыр заманның тез жақындауында тірек пайда болады. Оларға ТМД - да таралған келесі ұйымдарды жатқызуға болады: «Бірлестіктің халықаралық шіркеуі», «Құдай балалары», «Соңғы Өсиеттің шіркеуі» (Виссарион шіркеуі), «Богородтық туыстық», «Ақ туыстық» және т.б.

СЕЙЕНТОЛОГИЯЛЫҚ АҒЫМ:

- «Церковь Саентологии», «Космические религии», және т.б. Бұл табынушылық әр түрлі физикалық приборларға мистикалық мағына беру. Осы аспаптармен әр түрлі мистикалық құбылыстарды байқау, өлшеу, оның физикалық , биологиялық табиғатының әсерін байқау.

ЖАҢА МАГИЯ:

- Бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан сиқыршылық, балгерлік, шамандар, бал ашқыштар мен қатар жаңа магиялық ілім және оның институттары, Батыс пен Шығыс әдет-ғұрыптарын қосып жаңа балгерлерді, сиқыршыларды шығарады. Бұл жерде Мексикандық мифтік ілімін Карлос Костанелді алуға болады.

ІБІЛІС НЕМЕСЕ ШАЙТАН ТОБЫ:

- Ібілістік түсінік ертедегі Ирактан, «Көк кітап» деген кітапта жазылған хабарлап туралы діни аңыз. Ібіліс туралы кітапта зорлықты және зомбылықты бірінші орынға қояды, кесірлікті жаманшылықтың қайнар көзімен, жын-шайтандармен мистикалық жолда араласып сөйлесу.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУМАҒЫНДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ДІНИ ҰЙЫМДАР:

- 1. «Аль-Каеда» - әртүрлі елдердің соғысқұмар адамдары қаржыландыратын және қызметіне бағыт беретін халықаралық ұйым.
- 2. «Алля - Аят» - оккультистік сипаттағы қарапайым ілім.
- 3. «Асбат аль-ансар» - маркстік-лениндік ағымдағы исламдық ұйым.
- 4. «Аум-Синрике» («Алеф») – антиәлеуметтік бағытты ұстанған қауіпті тоталитарлық экстремистік дін, Басқа атауы: "Движение истины Аум", жаңа атауы - «Алеф».
- 5. «Боз Гурд» - жаңа оңшыл ұлтшылдық сипаттағы түрік әскерилендірілген ұйымы.
- 6. «Мұсылман ағайындар» - халықаралық діни-саяси террорлық ассоциация.
- 7. «Орталық Азиядағы джаматта моджахедтар» - халықаралық террористік ұйым.
- 8. «Шығыс Түркістанның исламдық партиясы» - халықаралық террористік ұйым.
- 9. «Өзбекстандағы исламдық қозғалыс» - бірден-бір қауіпті халықаралық террористік ұйым.

- 10. **«Күрд Халық Конгресі»** Басқа атауы: «Конгра Гел», «Рабочая партия Курдистана» Құрылған күні мен орны: 27 қараша 1978
Қозғалыс көшбасшысы: Абдулла Оджалан.
- 11. **«Лашкар-и-Тайба»** - Үнді штаты Джамму мен Кашмирдағы (Пәкістан) әскерилендірілген экстремистік сунниттік топ.
- 12. **«Әлеуметтік реформалар қоғамы»** , басқа атауы **«Джамият аль-Ислах аль-Иджтимаи»** - қайырымдылық көмек беру мәртебесі бар үкіметтік емес ұйым, штаб-пәтері Эль-Кувейт (Кувейт) қаласында орналасқан.
- 13. **«Шығыс Түркістанды азат ету қоғамы»** - Шығыс Түркістанда қауіп тудыратын террористік ұйым.
- 14. **«Талибан»** қозғалысы.
- 15. **«Хизб-ат-Тахрир-Аль-Ислам»** - сунниттік діни-саяси экстремистік ұйым.
- 16. **«Ата жол»** (**«Ақ жол», «Ақ орда»**)
- 17. **«Халифат сарбаздары».**
- 18. **«Таблиғи Жамағат».**
- 19. **«Ат-такфируа-ль-хиджра»** - («Діни сенімсіздікте айыптау және өз дінін құтқару үшін қашу») – Еуропалық Кеңес елдерінде, Ресей Федерациясында, Қазақстан Республикасында және басқа да мемлекеттер қатарында тыйым салынған экстремистік ұйым.

Елімізде тыйым салынған және дәстүрлі емес діни ағымдардың елімізге тигізер кері әсерлерін былай тізбектеуімізге болады:

- **Біріншіден,** бұлар мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне зиян тигізеді.
- **Екіншіден,** дамыған немесе даму үстіндегі тыныш жатқан бір елді тоқырауға жіберудің бір тәсілі түрлі діни ағымдар арқылы қоғам ішіндегі іріткі тудырады.
- **Үшіншіден,** мемлекеттің болашағы білім мен ғылымға, экономика мен көреген саясатқа байланысты. Ал дәстүрлі емес діни ағымдар білім мен ғылымға қарсы келеді.
- **Төртіншіден,** болашақ жастардың қолында деп білеміз. Олай болса, дәстүрлі емес діни ағымдар біздің болашағымыз деп үміт артып отырған жастарымызды өз қатарларына тартумен келешекке қауіп төндіреді.
- **Бесіншіден,** уақыт өте келе дінаралық қақтығыс тудырады.
- **Алтыншыдан,** қоғамды діннен, руханияттан алшақтату арқылы қоғамды дінге қарсы қояды.
- Сол себепті жастарымызды имандылыққа, білімге, ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұстанып келген асыл дініміз исламға оның ішінде Ханафи мәзһабы бойынша тәрбие берсек түрлі жат ағымдардың жетегіне кетпейтін, отанын, елін, жерін сүйетін, салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін берік ұстайтын ел азаматы болады.

○ Назарларыңызға
үлкен рахмет!!!